

Қаржы нарықтарында Бірыңғай экономикалық кеңістікке қатысушы мемлекеттерде капиталдың еркін қозғалысын қамтамасыз ету үшін жағдай жасау туралы келісімге қол қою туралы ұсынысты Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 қарашадағы № 1303 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Қаржы нарықтарында Бірыңғай экономикалық кеңістікке қатысушы мемлекеттерде капиталдың еркін қозғалысын қамтамасыз ету үшін жағдай жасау туралы келісімге қол қою туралы ұсыныс Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

K.Мәсімов

Жоба

Қаржы нарықтарында Бірыңғай экономикалық кеңістікке қатысушы мемлекеттерде капиталдың еркін қозғалысын қамтамасыз ету үшін жағдай жасау туралы келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Келісімге қатысушылар Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы,

1995 жылғы 6 қаңтардағы Ресей Федерациясы мен Беларусь Республикасы арасындағы Кеден одағы туралы келісімді, 1995 жылғы 20 қаңтардағы Кеден одағы туралы келісімді, 1999 жылғы 26 ақпандағы Кеден одағы және Біртұтас экономикалық кеңістік туралы шартты, 2000 жылғы 10 қазандағы Еуразиялық экономикалық қоғамдастық құру туралы шартты негізге ала отырып,

капиталдың еркін қозғалысын қамтамасыз ету үшін қаржы нарықтарында жағдай жасау, қаржы секторында өзара тиімді ынтымақтастықты дамыту мақсатында төмендегілері туралы келісті:

1-бап. Жалпы ережелер

Осы Келісімде қолданылатын ұғымдар:

Қаржылық қызметтер - мыналарды:

- банктік қызметтерді;

- валюта нарығындағы қызметтерді;

- бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының қызметтерін;

- сактандыру қызметтерін қамтитын қаржылық сипаттағы қызметтер.

Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары - өздері аумағында тіркелген

Тараптың ұлттық заңнамасына сәйкес бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті жүзеге асыру құқығы бар заңды тұлғалар.

Кредиттік ұйым - банк қызметін реттеуді жүзеге асыратын уәкілдеп тағайындаған (лицензия) негізінде өз қызметінің негізгі мақсаты ретінде пайда табу үшін банк операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлға.

Сақтандыру үйімі - өзі аумағында тіркелген Тараптың ұлттық заңнамасына сәйкес сақтандыру/қайта сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығы бар заңды тұлға.

Қаржы нарығының қатысушылары - қаржылық қызметтерді көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалар.

2-бап. Осы Келісімнің мақсаттарын іске асыруға бағытталған шаралар

Осы Келісімді іске асыру мақсатында Тараптар мынадай шараларды жүзеге а с ы р а д ы :

а) б а н к с а л а с ы н д а :

- Тараптар инвесторларының кредиттік ұйымдардың жарғылық капиталындағы үлестерді (акцияларды) құру және сатып алу мәселесі бойынша Тараптардың ұлттық заңнамаларын

- халықаралық стандарттарға сәйкес қаржы нарығындағы тәуекелдерді реттеу
тәсілдерін үйрестіру;

- банк саласын реттеу және дамыту мәселелері бойынша Тараптардың уәкілдестіргендегі органдары арасында ақпарат алмасуды үйымдастыру;

б) валюта нарыфында:

- валюта нарығын реттеу және дамыту мәселелері бойынша Тараптардың уәкілдегі органдары арасында ақпарат алмасуды үйымдастыру;

- Тараптардың ұлттық валюталарымен конверсиялық операцияларды жүргізу үшін олардың сыртқы сауда төлемдері мен есеп айырысуларда пайдаланылуын кеңейту мақсатында тиімді инфрақұрылым құру;

- Тараптардың ұлттық валюталарының айырбас бағамын белгілеу принциптері мен ережелерін үйлестіру;

в) бағалы қағаздар нарығында:

- бағалы қағаздар мен өзге қаржы құралдары нарығын реттеу мәселелері бойынша Тараптардың уәкілетті органдары арасында ақпарат алмасуды ұйымдастыру;

- Тараптардың бағалы қағаздар нарығының кесіби қатысушыларының қызметін реттеу саласындағы ұлттық заңнамаларын үйлестіру;

- Тараптар әмитенттерінің бағалы қағаздарының эмиссиясы рәсіміне (шығару тәртібіне) қойылатын талаптарды үйлестіру;

- Тараптардың үлттық заңнамаларының үлттық нарықтарда шетел эмитенттерінің

бағалы қағаздарын орналастыруға және айналысқа жіберуге қойылатын талаптарын
үйлестіру;

г) сақтандыру саласында:

- сақтандыру нарығын реттеу мәселелері бойынша Тараптардың уәкілетті органдары арасында ақпарат алмасуды ұйымдастыру;

- Тараптардың сақтандыру заңнамаларын, сондай-ақ халықаралық қағидалар мен стандарттардың ережелерін ескере отырып, сақтандыру қызметін сақтандыруды қадағалау және реттеу талаптары мен тәсілдерін үйлестіру;

- сақтандыруды жүзеге асырған кезде міндепті сақтандыру, қайта сақтандыру, делдалдық қызмет саласындағы реттеуіш нормаларды жақыннату саласындағы ынтымактасық;

- сақтандыру қызметтерін тұтынушылардың құқықтары мен мұдделерін қорғау бойынша бірыңғай талаптарды келісу;

- сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының төлем қабілеттілігі мен қаржылық орнықтылығын анықтаудың бірыңғай принциптері мен тәсілдерін келісу.

3-бап. Қаржы нарығының қатысушылары қызметінің транспаренттілігін қамтамасыз ету, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының (ХКЕС) талаптарын іске асыру

Қаржы нарығының қатысушылары қызметінің транспаренттілігін қамтамасыз ету жөніндегі Талаптардың бірлескен іс-қимылдары:

- жарияланатын ақпараттың көлеміне, сапасына және мерзімділігіне қойылатын талаптарды үйлестіруге;

- әмитенттердің ақпаратты жариялауы, инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалануға және бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасауға қарсы іс-қимыл саласындағы Талаптардың үлттық заңнамаларын үйлестіруге;

- жүйелі тәуекелдердің алдын алу мақсатында айқындылық, есеп берушілік және жауапкершілік принциптеріне сәйкес рейтингтік агенттіктер қызметінің жүзеге асырылуына қойылатын талаптарды үйлестіруге;

- Тараптардың қаржы нарығы қатысушыларының халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын пайдалануға етуін аяқтауға бағытталған.

4-бап. Келісімді іске асыру кезеңдері

Келісімді іске асыру екі кезеңмен жүргізіледі:

1-кезең. Тараптардың уәкілетті органдары арасында Келісімнің 2, 3-баптарында көрсетілген салаларда ақпарат алмасуды ұйымдастыру - тұрақты негізде.

2-кезең. Халықаралық қағидалар мен стандарттарды ескере отырып, Келісімнің 2, 3-баптарында көрсетілген салалардағы Талаптардың заңнамаларын үйлестіру, оның

і ш і н д е :

қаржы нарығының қатысушыларына қойылатын лицензиялық талаптарды, қаржы нарығының қатысушыларын қадағалауды жүзеге асырудың қадағалау талаптары мен тәртібін

үйлестіру;

эмитенттің тіркейтін мемлекеттің реттеу органы бағалы қағаздар эмиссиясын (шығарылымын) тіркеу шартымен Бірыңғай экономикалық кеңістіктің бүкіл аумағында Тараптар өмірттерінде бағалы қағаздарын орналастыру мен айналысының мүмкіндігін

қамтамасыз

ету.

Іске асыру мерзімі-31.12.2013 жылға дейін.

5-бап. Ұнтымақтастықтың негізгі нысандары

Капиталдың еркін қозғалысын қамтамасыз ету үшін қаржы нарығында жағдай жасау үшін ұнтымақтастықтың негізгі нысандары:

- Тараптардың уәкілетті органдарының арасында ақпарат алмасуды жүзеге асыру;
- қаржылық қызметтер нарығының ағымдағы проблемаларын талқылау және оларды шешу жөнінде ұсыныстар өзірлеу жөнінде келісілген іс-шаралар жүргізу;
- Тараптардың қаржылық қызметтерді реттеу саласындағы уәкілетті органдарының өздерінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша консультациялық көмек көрсетуі;
- осы Келісімнің 2-бабында айқындалған шараларды іске асыру үшін халықаралық шарттар жасасу болып табылады.

6-бап. Дауларды шешу

Осы Келісімді түсіндіруге және (немесе) қолдануға байланысты Тараптар арасындағы даулар консультациялар мен келіссөздер жүргізу жолымен шешіледі.

Егер дауды Тараптар консультациялар және келіссөздер жүргізу туралы Тараптардың бірі жіберген ресми жазбаша өтініш түскен күннен бастап алты ай ішінде реттемесе, онда Тараптардың арасында дауды шешу тәсіліне қатысты өзге уағдаластық болмаған кезде Тараптардың кез келгені бұл дауды шешу үшін Еуразиялық Экономикалық қоғамдастық Сотының қарауына жіберуге құқылы.

7-бап. Өзгерістер енгізу

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге оның ажырамас бөлігі болып табылатын, жекелеген хаттамалармен ресімделетін және осы Келісімнің күшіне енуі үшін көзделген тәртіппен күшіне енетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

8-бап. Күшіне ену

Осы Келісім оның күшіне енүі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны Кеден одағының депозитарийі болып табылатын Комиссия алған күннен бастап 30 күн өткен соң күшіне

е н е д і .

Күшіне енгеннен кейін осы Келісім Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың мүшелері болып табылатын басқа мемлекеттердің қосылуы үшін ашық. Осы Келісімге қосылу туралы құжаттар депозитарийге сақтауға тапсырылады.

Осы баптың екінші абзацында көрсетілген мемлекеттерге қатысты осы Келісім қосылу туралы құжатты депозитарий алған күннен бастап күшіне енеді.

_____ қаласында 2010 жылғы «_____» орыс тілінде бір түпнұсқа данада
ж а с а л д ы .

Осы Келісімнің түпнұсқа данасы осы Келісімге қол қойған әрбір Тарапқа оның куәландырылған көшірмесін жіберетін депозитарийде сақталады.

*Беларусь
Республикасы*
үшін

*Қазақстан
Республикасы*
үшін

*Ресей
Федерациясы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК